



Құрметті студент!

2018 жылы «Білім - 3» бағытындағы мамандықтар тобының бітіруші курс студенттеріне Оқу жетістіктерін сырттай бағалау 4 пән бойынша өткізіледі.

Жауап парақшасын өз мамандығыңыздың пәндері бойынша кестеде көрсетілген орын тәртібімен толтырыңыз.

Мамандық шифры	Мамандықтың атауы	Жауап парағының 6-9 секторларындағы пәндер реті
5B010300	«Педагогика және психология»	1. Педагогика 2. Педагогиканы оқыту әдістемесі 3. Адам дамуы және психологиясы 4. Психологияны оқыту әдістемесі

- Сұрақ кітапшасындағы тестер келесі пәндерден тұрады:
 - Педагогика
 - Педагогиканы оқыту әдістемесі
 - Адам дамуы және психологиясы
 - Психологияны оқыту әдістемесі
- Тестілеу уақыты - 180 минут.
Тестіленуші үшін тапсырма саны - 100 тест тапсырмалары.
- Тандаған жауапты жауап парағындағы пәнге сәйкес сектордың тиісті дөңгелекшесін толық бояу арқылы белгілеу керек.
- Есептеу жұмыстары үшін сұрақ кітапшасының бос орындарын пайдалануға болады.
- Жауап парағында көрсетілген секторларды мұқият толтыру керек.
- Тест аяқталғаннан кейін сұрақ кітапшасы мен жауап парағын аудитория кезекшісіне өткізу қажет.
- Сұрақ кітапшасын ауыстыруға;
- Сұрақ кітапшасын аудиториядан шығаруға;

- Анықтама материалдарын, калькуляторды, сөздікті, ұялы телефонды қолдануға

қатаң тиым салынады!

8. Студент тест тапсырмаларында берілген жауап нұсқаларынан болжалған дұрыс жауаптың барлығын белгілеп, толық жауап беруі керек. Толық жауапты таңдаған жағдайда студент ең жоғары 2 балл жинайды. Жіберілген қате үшін 1 балл кемітіледі. Студент дұрыс емес жауапты таңдаса немесе дұрыс жауапты таңдамаса қателік болып есептеледі.

Педагогика

1. Педагогикалық пәндер:

- A) Жұмыс істеу педагогикасы
- B) Технопедагогика
- C) Этнопедагогика
- D) Қоғамдық педагогика
- E) Табиғат педагогикасы
- F) Салыстырмалы педагогика

2. «Тұлға» ұғымының мәнін ашуда қолданылатын ұғым:

- A) индивид
- B) оқушы
- C) педагог
- D) адам
- E) тәрбие
- F) білім
- G) сынып

3. Педагогика саласында балалардың жас және дара ерекшеліктерін зерттеген ғалымдар:

- A) Слостенин В.А., Н.В. Кузьмина
- B) Толстой Л.Н., В.А. Слостенин
- C) Ушинский К.Д., Л.Н. Толстой
- D) Хмель Н.Д., К.Д. Ушинский
- E) Ж.Ж.Руссо, А. Дистервег
- F) Коменский Х.А., Джон Локк

4. Ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістері:

- A) Психологиялық сауалнама
- B) Арнайы педагогикалық
- C) Психологиялық тест
- D) Педагогикадағы математикалық
- E) Педагогикалық эксперимент
- F) Педагогикалық сауалнама

5. Эстетикалық тәрбие міндеттерінің бірі:

- A) эстетикалық мәдениетті тәрбиелеу
- B) мемлекетке деген құрмет сезімін қалыптастыру
- C) ғылыми дүниетаным қалыптастыру
- D) ой қабілеттерін дамыту
- E) эстетикалық білімдер беру

6. Тәрбиенің мақсаты:

- A) амалдар жүйесі
- B) мектептің мақсаты
- C) жоғары мәдениетке ұмтылыс нәтижесі
- D) тәрбиеленушілерді жағымды іс-әрекетке өзгертуге бағыттылық
- E) ізгі қасиеттерге баулу

7. Дүниетаным - бұл:

- A) Мектептің жағдайына деген көзқарастар жүйесі
- B) Мектеп ұжымының алатын орнына деген көзқарастар жүйесі
- C) Адамның өз-өзіне қатынасына деген көзқарастар жүйесі
- D) Адамның дүниеде алатын орнына деген көзқарастар жүйесі
- E) Сынып ұжымының алатын орнына деген көзқарастар жүйесі
- F) Мемлекеттің дамуына деген көзқарастар жүйесі

8. Тәрбие бағыттары:

- A) әділдік-сыпайылық, шыншылдық
- B) кәсіби-бағдарлық, экологиялық
- C) шыдамды-төзімділік, имандылық
- D) әдеби-шығармашылық
- E) азаматтық-патриоттық, экономикалық

9. Білім мазмұны дегеніміз:

- A) Оқыту құралдарының мазмұны мен сапасы
- B) Оқушылардың дүниетанымдық және адамгершілікті-эстетикалық идеялар жүйесін меңгеруі
- C) Оқыту процесі барысында оқушылардың меңгеруге тиісті эстетикалық идеялар жүйесі
- D) Оқушылардың ғылыми білім, біліктілік және дағдыны игеру үдерісі
- E) Оқушыларды білімділікке, тәрбиелікке үйрету және дамыту
- F) Оқушыларды тәрбиелеу мен оқыту үдерісі

10. Тәрбиенің құрал-жабдықтарына қойылатын талаптар:

- A) Оқушының талаптарына сай болуы
- B) Қоғамдық талаптарға сай болуы
- C) Эстетикалық талаптарға сай болуы
- D) Педагогикалық талаптарға сай болуы
- E) Экологиялық талаптарға сай болуы

11. Қазіргі қоғамдық пайдалы жұмыстарға қатысуда оқушы белсенділігі байланысты:

- A) Мектепте ұйымдастырылатын жұмыстардың көлеміне
- B) Мұғалім позициясына
- C) Мектепте ұйымдастырылатын жұмыстардың тиімділігіне
- D) Сұранысқа ие болуына
- E) Директор орыбасарының позициясына
- F) Сынып жетекшісінің өз алдына мақсат қоюына
- G) Мектеп директорының позициясына

12. Сынып жетекшісі іс-әрекетінің міндеттері:

- A) Әлеуметтік
- B) Тәрбиелік
- C) Адамгершілік
- D) Диагностикалық
- E) Психологиялық
- F) Дамытушылық
- G) Педагогикалық

13. Отбасы тәрбиесінің құқықтық негіздерін анықтайды:

- A) «Бала құқығы туралы Конвенция»
- B) Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік Бағдарламасы
- C) Мемлекеттік тұжырымдамалар
- D) «Білім туралы» Заңы
- E) Мектеп құжаттары
- F) «Неке және отбасы туралы» Заңы
- G) ҚР Конституциясы

14. Оқытудың жалпы заңдылықтары:

- A) Тәрбие мен практиканың бірлігі
- B) Оқу мен оқуды ұйымдастыру
- C) Оқуды басқару мен ынталандыру
- D) Оқу құрылымы мен сапасы
- E) Оқуды ұйымдастыру, оқу сапасы, жеке тұлғаның дамуы

15. Білім беру стандарты:

- A) Міндетті оқыту компоненттерін анықтайды
- B) Оқыту деңгейін айқындайды
- C) Білім беру сапасын анықтайды
- D) Білім беру саласын қамтиды
- E) Білім беру нормаларын анықтайды
- F) Бағдарламалардың сапасын анықтайтын құжат
- G) Оқу жоспарларын қолданады
- H) Міндетті білім берудің негізгі құжаты

16. Оқу дәрістерін өткізу әдіс-тәсілдеріне байланысты дәрісбаян түрлері:

- A) Көрнекілік
- B) Болжамдық
- C) Әдістемелік
- D) Ғылымдық
- E) Мазмұндық
- F) Жаппай

17. Білім беру жүйесін стандарттау қажет:

- A) Философиялық негізін қалыптастыру үшін
- B) Нәтижелілік деңгейін арттыру үшін
- C) Мектептегі оқу процесінің жаңа еркін ұйымдастыру формаларына өтуі үшін
- D) Тың оқу жоспарларының енгізілуі үшін
- E) Жаңалықтар енгізу үшін
- F) Білім сапасын арттыру үшін
- G) Баламалы оқулықтардың қосылуы үшін

18. Ұжымдық- танымдық іс-әрекеттің мынадай белгісі бар:

- A) Бірыңғай мақсаттық, жалпы мотивтің болуы
- B) Жалпы мақсаттарды жүзеге асыру
- C) Жалпы нәтижелердің болуы
- D) Ұжымдық іс-әрекет барысында, әрбір оқушы өзіндік білімін көрсете алуы
- E) Іс-әрекет барысында анықталған материалдар бойынша тұжырым жасау
- F) Жалпы іс-әрекеттің жоспары болуы
- G) Іс-әрекеттер барысында оқушыға жағдай жасау және оларды басқару

19. Оқыту үдерісі:

- A) Оқушылардың дүниетанымын дамытатын іс-әрекет
- B) Отаншылдық қасиетін арттырады
- C) Төзімділіктерін дамытады
- D) Білімді, біліктілік пен дағдыны меңгертеді
- E) Оқушылардың көзқарасын дамытатын іс-әрекет
- F) Адамгершілікті дамытатын іс-әрекет
- G) Тәрбиені меңгертеді

20. Мектеп пен жоғары оқу орындарындағы баға қоюдың субъективті қателіктері:

- A) ынталандыру принципін сақтау
- B) жауаптың жан-жақтылығын ескеру
- C) баланың тәртібіне қойылатын бағаны пән үлгеріміне ауыстыру
- D) орташа бағалау ұстанымында болу
- E) оқушының интеллектуалдық мүмкіншілігін ескеру
- F) орташа бағалау ұстанымында болмау
- G) көңіл-күйге орай баға қоя салу

21. Ақпараттық технология:

- A) Ақпаратты өңдеу үдерісінде қолданылатын құралдар мен әдістер жиынтығы
- B) Белгілі құралдар мен әдістер жиынтығы
- C) Нақты мағлұматтар жиынтығы
- D) Кез келген мәліметтер жиынтығы
- E) Адам іс-әрекетінің қажетті салаларының бірі
- F) Нақты құралдарды, әдістер мен тәсілдерді пайдалану

22. Оқулыққа қойылатын негізгі талаптар:

- A) Тексеру, өзін-өзі тексеру және оқу нәтижелерін түзетуге арналған сұрақтар мен жаттығулардың болуы
- B) Тілі балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес болуы керек немесе күрделі ғылыми стильде жазылуы тиіс
- C) Оқушылар үшін ұғымды, қысқа және қызықты болуы, оқу бағдарламасынан тыс жазылуы
- D) Мазмұнында келтірілген материалдар көлемді болуы керек
- E) Оқу бағдарламасына сәйкес болуы, оқушылар үшін ұғымды, қысқа және қызықты болуы
- F) Көрнекіліктермен жақсы жабдықталуы, тілі балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес болуы

23. Басқаруда басшылыққа алатын ақпараттар:

- A) Шолушылық
- B) Ақпараттық
- C) Жекелеген
- D) Прагматикалық
- E) Аналитикалық
- F) Баяндаушылық

24. Ұжымның жағымды әлеуметтік психологиялық жағдайын жасайды:

- A) Жеке адамдар арасындағы қарым-қатынас
- B) Креативті ойлау
- C) Эмоционалдық қарым-қатынас
- D) Экономикалық қарым-қатынас
- E) Құқықтық қарым-қатынас

25. Мектептің жылдық жұмыс мазмұнын талдаудың мазмұнына енеді:

- A) Оқушылардың тәрбиелік деңгейі
- B) Ата-аналар комитетінің жұмыс жоспарын анықтау
- C) Оқушылардың денсаулық деңгейі
- D) Әдістемелік жұмыстың сапасы
- E) Педагогикалық кеңес жұмысының нәтижесі

Педагогика
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ

Педагогиканы оқыту әдістемесі

1. «Педагогиканы оқыту әдістемесінің» оқу пәні ретіндегі мақсаты:

- A) Педагогиканы оқытудың жалпы теориялық мәселелерімен студенттерді қаруландыру
- B) Оқу орнында оқу процесін ұйымдастыру және басқаруға қажет негізгі мәселелерді зерттеу
- C) Теория және практика бойынша жаңа педагогикалық білімді қалыптастыру
- D) Педагогикадағы жаңашылдықты меңгерту
- E) Педагогиканы оқытудың әдіснамалық мәселелерімен студенттерді қаруландыру
- F) Оқушылардың білімділігін және тәрбиелілігін психологиялық-педагогикалық диагностикалау әдістерін меңгеру
- G) Ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістерін құрастыру

2. Сабақ:

- A) Инновациялық әдістерді жүзеге асыратын оқыту формасы
- B) Олимпиада жүргізуді жүзеге асыру формасы
- C) Белгіленген тәртіп және белгілі бір уақытта өткізілетін оқытуды ұйымдастырудың бір формасы
- D) Әр түрлі оқыту әдістері мен құралдарды қолданып өткізетін оқытуды ұйымдастырудың бір формасы
- E) Оқытуды ұйымдастырудың негізгі формасы

3. Сыныптан тыс ұйымдастырылатын оқыту формасы:

- A) Шеберханалардағы сабақ
- B) Экскурсиялық сабақ
- C) Семинар сабағы
- D) Реферат жазу
- E) Үй жұмысы
- F) Үйірме

4. Педагогиканы оқытудың дамытушылық функциясы:

- A) Ғылыми білімді игеруді болжайды
- B) Оқушылардың қоғамдық сұраныстарға сәйкес әрекеттері мен тәртібі сферасын қалыптастырады
- C) Білім алушылардың ойлау операцияларын дамытады
- D) Оқушылардың ақыл-ой, еріктік, мотивтік және басқа сфераларын дамытады
- E) Білім алушылардың танымдық қызығушылықтары мен қажеттіліктерін дамыту

5. Педагогиканың ғылым пән ретінде:

- A) Іс-әрекет процесс
- B) Дамыту педагогикалық процесс
- C) Әлеуметтендіру біртұтас педагогикалық процесс
- D) Тәрбие біртұтас педагогикалық процесс
- E) Оқу әрекеті процесс

6. Семинардың мақсаты:

- A) Оқытуды ұйымдастыруды жүзеге асыру
- B) Оқыту құралдарын қолдануға үйрету
- C) Білім алушының игерген білімін тексеру, белсенділігін жетілдіру
- D) Оқытушының белсенділігін жетілдіру
- E) Өзіндік көзқарас қалыптастыруға дағдыландыру

7. Педагогикалық ғылымдар жүйесіне енеді:

- A) Жалпы педагогика, жасерекшелік педагогикасы
- B) Дидактика, тәрбие теориясы, эстетика, этика, мектепке дейінгі педагогика
- C) Педагогика, мектепке дейінгі педагогика, тарих, философия, арнайы педагогика
- D) Әлеуметтік педагогика, жеке пәндерді оқыту әдістемесі, философия
- E) Тәрбие теориясы, дидактика, мектепті басқару
- F) Дидактика, психология, философия, мектептану, мектеп гигиенасы, салыстырмалы педагогика

8. Студенттерді шығармашылық қабілеттерін дамытатын оқыту әдісі:

- A) Ауызша әдіс
- B) Миға шабуыл әдісі
- C) Проблема – ізденіс
- D) Ақпараттық – дамытушылық
- E) Продуктивті

9. Білім беру мазмұнының элементтері:

- A) Оқыту ұстанымы
- B) Іс-әрекет әдістері
- C) Шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі
- D) Оқыту
- E) Оқыту құралдары, әдістері

10. Педагогикалық үдерістің заңдылықтары:

- A) Оқу-тәрбие үдерісін басқару
- B) Танымдық іс-әрекеттің жартылай қатысуы
- C) Мақсатты тұжырымдау
- D) Логикалық пен практиканың тұтастығының болмауы
- E) Баяндау логикасының болмауы
- F) Ынталандырмау

11. Жобалап оқыту түрлері:

- A) Эксперимент
- B) Тәжірибеге бағдарланған
- C) Коммунистік
- D) Әріптестік
- E) Гуманистік
- F) Авторитарлы

12. Болашақ мамандарды дайындауда қолданылатын негізгі әдебиеттер:

- A) сөздіктер
- B) танымал
- C) оқу-әдістемелік әдебиет
- D) ғылыми әдебиеттер
- E) энциклопедиялық

13. Үй жұмысын орындау үшін берілетін тапсырмалар:

- A) Іскерлік ойындар
- B) Жаттығулар орындау
- C) Брейн-ринг
- D) Баяндамалар жасау
- E) Конференция
- F) Физикалық өзін өзі жетілдіру
- G) Слайдтар дайындау

14. Зертханалық жұмыстарға қойылатын негізгі талаптар:

- A) ұсынылған тапсырмаларда ғылымның, экспериментті технологияның қазіргі таңдағы дамуының көрініс беруі
- B) педагогика бойынша теориялық білімді меңгергеннен кейін ғана орындалады
- C) зертханалық жұмыс тақырыбының жұмыс оқу бағдарламаларына сәйкес келуі
- D) біріккен іс-әрекет
- E) топтың бірігуі
- F) студенттерді зертханалық жұмыстарды әзірлеу және өткізуге, орындауға арналған әдістемелік нұсқаулармен қамтамасыз ету
- G) тапсырма түрі

15. Ақпарат –дәрісі:

- A) экскурсия
- B) өзекті мәселені баяндау
- C) ғылыми ақпаратты студенттерге баяндау
- D) өтілетін проблемаға гипотезаны орнату
- E) проблемалық сұрақтың шешімі
- F) ақпаратты баяндау
- G) демонстрация құралы

16. Пресс – конференция:

- A) дәріс соңында оқытушы студенттер білімінің көрінісі ретінде сұрақтарды бағалайды
- B) өзара байланысқан тақырыпты ашатын толық дәріс үлгісінде болады
- C) пәнаралық тұрғысынан беру
- D) пән бойынша материалды бір қайта іріктеу
- E) курстың белгілі бір тақырыбына студенттер сұрақтар құрастырып, оқытушыға береді

17. Түсіндіру әдісінің мәні:

- A) Индивидуалдық белсенділікті дамытуда
- B) Жағдаяттарды дәлелдеуді жүзеге асыруда
- C) Зейінді аударту мақсатында қолданады
- D) Ғылыми құбылыстарды салыстыруда, талдау жасауда
- E) Оқушылардың іс әрекетін белсендіруде
- F) Зерттеу белсенділігін дамытуда
- G) Танымдық белсенділікті дамытуда

18. Дәріс оқу барысында оқытушы:

- A) Бақылаушы
- B) Психолог
- C) Жолсерік
- D) Ғалым
- E) Шешен
- F) Фотограф
- G) Дегустатор

19. Ағымдық бақылау мақсаты:

- A) сауалнама
- B) білім алушылардың білімін анықтау
- C) білім алушының оқу іс-әрекетін жоспарлау
- D) болашақ педагогтардың мамандыққа деген қызығушылықтарын, оқу материалымен жүйелі жұмыс істеу дағдысын арттыру
- E) жақсы жұмыс істеуге бөгет келтіретін себептерді, кемшіліктерді, айқындау және олардың алдын-алу шараларын тағайындау
- F) тақырыпты меңгеру көлемін, сапасын тереңдігін анықтау

20. Түсініктерді, фактілерді, теорияларды, заңдылықтарды игеру:

- A) Тәрбиелілік көрсеткіштері
- B) Теориялық білімді айқындайтын көрсеткіш
- C) Іскерлік қалыптасуының көрсеткіштері
- D) Дағды, білік қалыптастыру көрсеткіші
- E) Білімділік деңгейді айқындау көрсеткіші
- F) Білім қалыптасуының көрсеткіші

21. Ш.А. Амоношвилидің «Білім беруді ізгілендіру технологиясының» ерекшелігі:

- A) Рухани жетілдіру және физиологиялық даму
- B) Балаларды оқытудың келтірілген , келісілген бірлескен әрекетін болжайды
- C) Директордың тапсырмасымен жұмыс жасау ойластырылады
- D) Оқушылардың ақыл-ой және дене мүмкіндіктері ескеріледі
- E) Көрнекі материалдарды демонстрациялау мен көрсету
- F) Ата-анамен бірлесіп жұмыс жасау ойластырылады
- G) Оқу пәндерінің нақты білім жүйесін беруді талап етеді

22. Сыни ойлау технологиясының міндеттері:

- A) Жаңа ақпарат кездескенде оған сыни түрде қарай білу
- B) Кітаптан көшіру
- C) Қоршаған ортаға жағымды қатынас орнату
- D) Жаңа идеяларды әр түрлі көзқарастардан көре білу
- E) Дайын өнімді алып келу
- F) Оқып, түсінік айту
- G) Иілгіштік және шыдамдылыққа үйрету

23. Модульдік технологияның мақсаты:

- A) Оқушының өзіндік жұмыс жасауын жетілдіру
- B) Олимпиадаға даярлау
- C) Оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулу
- D) Оқушыларды ақпараттық технологияға үйрету
- E) Жекелеген тапсырмаларды орындауға үйрету
- F) Апта сайын тапсырма орындауға үйрету

24. Модульдік оқыту қағидалары:

- A) Сыни көзқарас қағидасы
- B) Оқу материалын мақсатқа лайықтап іріктеу, мақсатқа сай блоктарға бөлу
- C) Кері байланысты әдістемелік қамтамасыз ету
- D) Өзара әрекеттестікті ескермеу
- E) Жолдастық қағида
- F) Дайындық жүгізуде кезеңді сақтау

25. Педагогикалық жүйелерді басқару бөлімінің міндеттері:

- A) Ұжымдық-шығармашылық іс-әрекетті бақылауда тәрбиелеу теориясын түсіндіру
- B) Педагогикалық жүйелер
- C) Мектепті басқарудың негізгі қызметтері туралы мәліметтер беру
- D) Әлеуметтік жүйелер
- E) Мектепшілік бақылау туралы түсініктер беру
- F) Жалпы педагогикалық түсініктер қалыптастыру

**Педагогиканы оқыту әдістемесі
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Адам дамуы және психологиясы

1. Ертеде грекше психологияны аударғанда

- A) Жантану туралы ғылым
- B) Ой туралы ғылым
- C) Ақыл туралы ғылым
- D) Псюхе деген сөзді білдіреді
- E) Тану туралы ғылым

2. Лабораториялық эксперименттің табиғи эксперименттен айырмашылығы:

- A) Белгілі бір сұрақтарға жауап алу мақсатын көздейді
- B) Адамдар өмірінің табиғи жағдайында жүргізіледі
- C) Қызмет нәтижесі зерттеледі
- D) Бірнеше рет, бірнеше қатысушылармен өткізіледі
- E) Құжаттарды талдауға негізделген
- F) Сыналушының әрекеті нұсқаумен анықталады
- G) Арнайы жабдықталған лабораториялық жағдайда өтеді

3. Психология ғылымының зерттейтін мәселелері:

- A) Психикалық күй
- B) Психикалық қасиеттер
- C) Зат пен оның атауы арасындағы қатынас
- D) Психикалық зерттеу
- E) Тұрмыстық тіл
- F) Психикалық қызмет
- G) Психологияның мақсаты

4. Психиканың пайда болуы, яғни генезисі және оның дамуы туралы ғылымда бірнеше теориялық бағыт:

- A) Логотерапия
- B) Эйдетизм
- C) Антропсихизм
- D) Панпсихизм
- E) Рефлексология
- F) Биопсихизм
- G) Фатализм

5. Әрекеттің компоненттері:

- A) Моторлық (қимыл-қозғалыс)
- B) Танымдық
- C) Орталық (ақыл-ой)
- D) Шеткі
- E) Психикалық
- F) Сенсорлық (сезімдік)

6. Тұлғаның анықтамасы

- A) Ол психикалық күй
- B) Ол сырқат адам
- C) Ол өмір үшін маңызды қасиеттерді бойына жинаған адам
- D) Ол тұрақты психологиялық сипаттамалар жүйесінде алынған нақты адам
- E) Ол нәресте
- F) Ол объект
- G) Ол өзінің ортасы үшін маңызды мәнге ие

7. Педагогикалық қарым-қатынастың негізгі функциялары:

- A) Әлеуметтік-перцептивтік
- B) Анархистік
- C) Демократиялық
- D) Ақпараттық және интерактивтік
- E) Өзін-өзі презентациялау және аффективті

8. Бірінші таптағы түйсінулерге жатады:

- A) қадағалау
- B) иіс, дәм
- C) бейнелеу
- D) зейінін бұру
- E) Көру,есту
- F) Қарау,бақылау
- G) тері

9. Нақты заттарды қате қабылдау:

- A) Алдану
- B) Амнезия
- C) Агнозия
- D) Адаптация
- E) Галлюцинация
- F) Иллюзия

10. Кеңістікті қабылдау- бұл заттардың:

- A) Қасиеті
- B) Тереңдігі
- C) Формасы
- D) Нақтылығы
- E) Мағынасы
- F) Шоғырлануы
- G) Құрылымы

11. Еріктің дайындық кезеңі:

- A) Бақылау
- B) Тілек
- C) Жаттығу
- D) Амалдар
- E) Орындау
- F) Тоқтамға келу

12. Бағыттылығымен байланысты ойлау түрлері:

- A) Үндестігі
- B) Көрнекілік
- C) Реалистік
- D) Деңгейлік
- E) Үйлесімділік
- F) Көркемдік

13. Оқушыларды табандылыққа тәрбиелеуде мұғалім мына шараларды жүзеге асырып отырады:

- A) Бастаған ісін аяғына дейін жеткізу
- B) Қауіп-қатер жағдайында шапшаң шешімге келу
- C) Адамдар арасындағы өзара қатынастарды қалыптастыру
- D) Ортақ мүдде үшін күресу
- E) Дербес әрекет жасап, қиындықтарды шеше білу

14. Эмоциялық ес:

- A) Бұрын болған жайттарды еске түсіру
- B) Түрлі эмоция мен күйлерді есте қалдыру
- C) Өткен оқиға мазмұнына қарай эмоция туғызады
- D) Тұлғаның өзіндік есте сақтау ерекшелігі
- E) Тұлғаның басынан өткен сезімдерін есте сақтауы

15. Фрустрация дегеніміз:

- A) Кенеттен пайда болып, бұрқ етіп сыртқа шығатын қуатты көңіл-күй
- B) Көңілдің бұзылуы
- C) Қанағаттанбаушылық сезіммен жан дүниесінің күйзелуі
- D) Жанашырлық сезім
- E) Межелі істің жүзеге аспай қалуы
- F) Мінез-құлыққа әсер ететін жалпы эмоциялық күй

16. Темпераменттің қасиеттері, танымдық процестер бойынша:

- A) Ерік күші
- B) Икемділік
- C) Үнімділік
- D) Қажеттілік күйі
- E) Икемсіздік

17. Меланхолик типінің сипаттамаларын тап:

- A) Сыртқы күрінісі әлсіз келеді
- B) Эмоциялық қозуы әлсіз, күңіл-күйлері әлсіз
- C) Мінезі баяу өзгереді, күңілі күбінесе жабырқау
- D) Сәл нәрседен ауыр әсер алып, олар бойын билеп кетеді
- E) Бірсарынды сүйлейді, кісімен араласып, жақындасуы аз
- F) Мәнерлі сүйлейді, қимылы күп, ақжарқын ашық келеді
- G) Іс-әрекетті тиянақты орындайды

18. Мінез қырларының топтастырылуын тап:

- A) Мотивациялық қырлары
- B) Интеллектуальды қырлары
- C) Танымдық қырлары
- D) Ерікті қырлары
- E) Тұлғалық қырлары
- F) Даралық қырлары
- G) Сезімдік қырлары

19. Баланың қиял әрекетінің күшті дамуының байланыстылығы:

- A) тәжірибенің жинақталуына байланысты
- B) тәрбиеге байланысты
- C) қабілеттіліктерінің ерте оянуына байланысты
- D) дамуына байланысты
- E) қызығуларының дамуына байланысты
- F) физиологиясына байланысты

20. Балалар психологиясының пәні:

- A) тұлғаның дамуы
- B) абысқа жету қажеттілігі
- C) функционалдық мүмкіндіктер мен организмде туындайтын қиындықтар
- D) балалардың жасына қарай, индивидуалды- психологиялық ерекшеліктері
- E) адам психикасының онтогенездік қозғалыс себептері мен шарттары
- F) тұлғаралық қарым-қатынас жән оқу әрекеті

21. Психологияда мінез топтастырылып мынандай төрт түрлі жүйеге бөлінген:

- A) Жүре пайда болатын қасиеттер
- B) Психикалық іс-әрекетке қатысты
- C) Еңбекке байланысты қасиеттер
- D) Ұжымға, адамдарға қатысты қасиеттер
- E) Өнерге қатысты
- F) Ерікке қатысты қырлары

22. Э.Кречмер анықтаған конституциялық тип-атлетик сипаттамасы:

- A) Ұзын немесе орташа бойлы
- B) Бойы қысқа немесе орташа
- C) Дене бітімі үйлесімсіз
- D) Жазық кеуделі
- E) Өте толық

23. К. Роджерс бойынша тұлға ұғымы:

- A) Өмірлік тәжірибенің нәтижесінде калыптасатын «Мен» бейнесі
- B) Индивидум өмір бойы психологиялық дағдарыстардан өтеді және оның тұлғасы осы дағдарыстардың нәтижесі
- C) Өмірлік тәжірибені ұғынудың бірегей тәсілдері
- D) Әлеуметтік қатынастардың ансамблі
- E) Мінез құлық және жағдайдың өздіксіз өзара әсерінің көрделі жайттері
- F) Тұлғаның ядросының құрлымы негізгі он алты бітістерінен тұрады

24. Дж Келли бойынша тұлға ұғымы:

- A) Мінез құлық және жағдайдың өздіксіз өзара әсерінің күрделі жайттары
- B) Әрбір адам - екінші рет қайталанбайтын белгілі бір тұлға
- C) «Мен»-сызбанұсқасы «Мен»-ді анықтайтын қасиеттер
- D) Өмірлік тәжірибені ұғынудың бірегей тәсілдері
- E) Тұлғаның ядросының құрылымы негізгі он алты бітістерінен тұрады

25. Жанжалдар болады:

- A) Альтернативті, конструктивті
- B) Қиратушы, деструктивті
- C) Регрессивті, қиратушы
- D) Прогрессивті, регрессивті
- E) Конструктивті, қиратушы

**Адам дамуы және психологиясы
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Психологияны оқыту әдістемесі

1. Психологияны оқыту әдістемесі курсының пәні:

- A) Қоғамдағы психологиялық жағдайлар
- B) Жаңа психологиялық білім ізденістері
- C) Психологияны оқыту формаларының ерекшеліктері
- D) Психологияны оқыту құралдарының ерекшеліктері
- E) Психологияны оқыту әдістерінің ерекшеліктері
- F) Оқу курсының әдістемелік өңдеу
- G) Тәжірибелік психологиялық икемділік

2. Оқу жоспары:

- A) Оқылатын пәндердің көлемі мен жүйесі негізінде жасалады
- B) Студенттердің қызығушылығы негізінде жасалады
- C) Факультативтік пәндер тізімін анықтайды
- D) Студенттердің бұрынғы дайындығын анықтайды
- E) Оқылатын пәндердің тізімін анықтайды
- F) Теориялық білім мен эмпирикалық білімнің бірлігі негізінде жасалды
- G) Психологияны оқудың өмірмен, тәжірибемен байланысын анықтайды

3. Оқу жоспарымен анықталатын оқу формалары:

- A) Семинар
- B) Өзіндік жұмыс
- C) Экскурсия
- D) Дөңгелек стол
- E) Демалыс

4. Оқу пәні бұл:

- A) Жүйелілік және құрылымдық қызмет
- B) Оқулықтың мазмұны
- C) Объективті болмысты игеруі
- D) Ғылыми зерттеу нәтижесі
- E) Тәжірибені түрлендіруі

5. Оқу пәнін құрастыруда ескерілетін факторлар:

- A) Білім беру мекемесінің мүддесі
- B) Оқушылардың мүддесі
- C) Оқытушының көзқарасы
- D) Білім беру бағдарламасының деңгейі, типі және мақсаты
- E) Оқытушының ғылыми дәрежесі, атағы
- F) Ғылыми пән ауқымында қалыптасқан білімдер жүйесі

6. Теориялық білімнің ерекшелігі:

- A) Көзге көрінетін заттардың қатынас байланысын ашады
- B) Бағдарлаушы әрекет
- C) Көрнекі материалдар негізінде ғана пайда болады
- D) Өздігінен бақылаусыз пайда болады
- E) Тікелей қабылдауға болмайтын заттардың ішкі қатынастары мен байланыстарын бейнелейді

7. Дамыта оқытудың маңызды шарттары:

- A) Оқытушы мен оқушылардың бірлескен әрекетін ұйымдастыру
- B) Соңғы нәтижеге емес оқудың өзіне бағдарлану
- C) Соңғы нәтижеге бағдарлану
- D) Оқушының өз бетінше дайындалуына мүмкіндік беру
- E) Оқушылардың дайын нәтижеге бағдарлануы

8. Оқу тапсырмаларының таксономиясындағы қарапайым ой әрекеттерді тапсырмалар ұсынылады:

- A) Индукцияға
- B) Бағалауға
- C) Дедукцияға
- D) Деректерді сипаттау мен жүйелеу
- E) Салыстыру мен айырмашылығын табуға
- F) Талдау мен біріктіруге

9. Психологияда жаңа материалды меңгеру формасы:

- A) түсіндіру
- B) рөлдік ойындар
- C) семинар
- D) дәріс
- E) берілген жағдаяты талдау
- F) тәжірибелік тапсырмалар

10. Психологияны оқытудағы көрнекі әдістер:

- A) психологиялық тапсырмаларды шешу
- B) психологиялық тәжірибелерді көрсету
- C) топтық дискусия
- D) кестені көрсету
- E) іскерлік ойын
- F) конспект жасау
- G) бейнетаспа

11. Мәселелік оқыту әдісі қолданылады:

- A) Әңгімелесу
- B) Қайталау және бекітуде
- C) Оқытушы жаңа білім берерден бұрын нақты мәселе мен мәселелік сұрақ қояды
- D) Дәріс кезінде оқытушы студенттердің алдына мәселе қояды, соңынан өзі мәселені шешудің жолын көрсетеді
- E) Студенттер оқытушының жетекшілігімен қойылған сұрақтың жауабын жеке немесе топпен жағдаятқа талдау жасап, жолын іздестіреді

12. Мәселелік оқыту әдістері:

- A) Миға шабуыл
- B) Психологиялық тренинг
- C) Теориялық білімді қолдана алу дағдысы
- D) Үлгіге қарап әрекет жасау
- E) Еліктеу жаттығуы

13. Жаңа материалды игеру формалары:

- A) жаңа материалды баяндау
- B) эвристикалық әңгімелесу
- C) іскерлік ойындар
- D) коллоквиум
- E) үйге тапсырма
- F) экскурсия

14. Психология бойынша оқу дәрісінің құрылымдық бөлімдері:

- A) Тақырып, мақсатты тұжырымдау
- B) Тақырып, тест алу
- C) Зерттеу әдістемесі
- D) Жоспар-конспект жасау
- E) Пәннің жұмыс бағдарламасы
- F) Психикалық үрдіс пен құбылыстар
- G) Оқу жоспары

15. Дәрістің артықшылықтары:

- A) Студенттерді тексереді
- B) Студенттердің белсенділігін төмендетеді
- C) Бұрыннан белгілі деректер мен теориялық білімдерді тереңірек ұғынуға негіз болатын материалдың мазмұнының жаңалығы
- D) Лектордың өз көзқарасына студенттерді тартуына мүмкіндік береді
- E) Дайын материалды береді
- F) Студенттердің енжарлығын дамытады

16. Семинар–бұл:

- A) Оқу сабағының диалогты формасы
- B) Тест алу
- C) Жаңа білімді хабарлау әдісі
- D) Іскерлік ойын
- E) Оқытушының монолог ретінде оқытуы
- F) Студенттердің білімін бекіту
- G) Студенттердің білімін белсенді талқылау

17. Зертханалық жұмыстың негізгі дидактикалық мақсаттары:

- A) Бақылау жүргізу тәсілін ұйымдастыру
- B) Табиғи зерттеу формасын жүзеге асыру
- C) Алынған мәліметтерді талдау
- D) Зерттелген тұлғаның қасиеттері мен сапасын эксперименттік тексеру
- E) Эксперимент жүргізу әдістемесімен танысу
- F) Психологияны ғылым ретінде зерттеу мақсатында студенттерді зерттеушілік тұрғыда оқыту

18. Өздік жұмыстың дидактикалық функциялары:

- A) Ақыл ой іс- әрекетін белсенді етуді қиындатады
- B) Қиялды дамыту
- C) Өзіндік ғылыми болжам жасауға
- D) Шығармашылығын, ізденушілік қасиеттерін қалыптастырады
- E) Оқу материалын тереңдету және кеңейту

19. Психология бойынша мектептен және сыныптан тыс жұмыс жүзеге асырылады:

- A) дәріс барысында
- B) тестілеу кезінде
- C) топтық
- D) ұжымдық
- E) жеке дара

20. Психологияны оқытуда техникалық оқыту құралдарының қызметі:

- A) Оқу және өзбетінше оқу
- B) Ақпараттық
- C) Ынталандыру
- D) Кеңес беру
- E) Түзету
- F) Зерттеушілік

21. Педагогикалық бақылаудың тиімділігін қамтамасыз ететін шарттар:

- A) Оқытушы бағаны не үшін және қалай қойғанына есеп бермеуі тиіс
- B) Бақылаудың әділдігі
- C) Бақылаудың әділ болуы міндетті емес
- D) әңгімелесу түрінде өтуі тиіс
- E) Оқытушының өзі өлшемдері негізінде бағаланады
- F) Бақылау жасырын өтуі тиіс

22. Сынақ – білімді бақылаудың қарапайым нысаны ретінде:

- A) конспектілеу
- B) жаппай жауап алу
- C) «біледі» және «білмейді» екі деңгейлі өлшемі
- D) рефератжазу
- E) дискуссия
- F) дифференциалды сынақ
- G) тәжірибелік түрдегі тапсырмаларды бағалау

23. Қазіргі психологиялық білім берудің даму тенденциялары:

- A) психологиялық білімнің гуманитарлық сапаты
- B) әдістемелік әдебиеттердің жетіспеушілігі
- C) психологияны меңгеру қызығушылығының басымдығы
- D) меңгерілетін материал көлемінің азаюы
- E) пән аралық байланыстың болуы
- F) оқу курсының әдістемелік жабдықталмауы
- G) мектеп бағдарламасында психологиялық пәндердің болмауы

24. Әлеуметтік психологияны оқытудың әдістемелік ерекшелігі:

- A) Тарихи оқиғаларды логикалық бірізділікті сақтай отырып қысқа етіп топтастыру
- B) Оқытушы топ, қоғам туралы өзінің осы мәселеге деген көзқарасын білдіруі тиіс
- C) Дер кезінде психологиялық көмек көрсете білу әдістерін оқыту
- D) Топ туралы студенттің өз бетінше қорытынды жасауына мүмкіндік беру
- E) Негізгі ұғымдардың ғылымның дамуына сай ғылыми мазмұнының өзгермейтінін ескеру
- F) Оқиға хронологиясын уақытпен емес ғылыми ойдың дамуымен байланыста көрсету білу
- G) Негізгі ұғымдарды ғылымның дамуына байланысты өзгеруін есте ұстау

25. Психология пәні бойынша оқытушының сабаққа дайындық міндеттері:
- A) оқыту әдісі мен құралын таңдау
 - B) силлабусты құрастыру
 - C) сабақ кезеңдерін жоспарлау
 - D) тәжірибелік ұсыныстар дайындау
 - E) тәжірибе жүргізу
 - F) тестік бақылау

**Психологияны оқыту әдістемесі
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**